



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ**

---

**Жоғары білім**

**БАКАЛАВРИАТ**

<b>МАМАНДЫҒЫ</b>	<b>5B012100</b>	<b>-</b>	<b>ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ</b>
<b>СПЕЦИАЛЬНОСТЬ</b>	<b>5B012100</b>	<b>-</b>	<b>КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА В ШКОЛАХ НЕ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ</b>
<b>SPECIALITY</b>	<b>5B012100</b>	<b>-</b>	<b>THE KAZAKH LANGUAGE AND THE LITERATURE AT SCHOOLS WITH NOT KAZAKH LANGUAGE OF TRAINING</b>

**ҚР МЖМБС 6.08.077-2010**

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**

**Астана**

## Алғы сөз

1 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН**

2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 03 қарашасындағы № 514 бұйрығымен (аталған бұйрықтың 1.20 қосымшасы) **БЕКІТІЛДІ және ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы № 799 бұйрығымен бекітілген 03.08.266-2006 5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-III «Білім туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.09.1999ж. №1290 «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу, бекіту және іске қосу мерзімдерінің тәртібі туралы» қаулысының нормалары іске асырылған

5 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 15 қаңтар 2008ж. № 9.1-24/1 хатымен **КЕЛІСІЛДІ**

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара көбейтуге және таратуға болмайды

**Мазмұны**

1	Қолданылу саласы .....	1
2	Нормативтік сілтемелер .....	1
3	Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар .....	1
4	5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының тізбесі .....	4
5	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі .....	4
6	5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының біліктілік сипаттамасы .....	4
7	Білім берудің жалпы ұлттық мақсаттары және пәндер циклі бойынша негізгі мақсаттардың иерархиясы .....	9
8	Бітірушілердің білімділік деңгейіне қойылатын талаптар .....	10
9	5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны .....	14
10	5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптар .....	30
11	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын құрастырушыларға, өңдеушілерге (өзгерту, түзетулер енгізу) қойылатын талаптар .....	32
	А Қосымшасы (міндетті) .....	34



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ**

---

**Жоғары білім**

**МАМАНДЫҒЫ 5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі  
қазақ тілі мен әдебиеті**

---

**Енгізу күні 2011.09.01**

**1 Қолдану саласы**

Осы стандарт ҚР МЖМБС 5.04.019-2008 негізінде әзірленген және 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім мазмұнына және бакалаврларды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді

Стандарттың ережелерін аталған мамандық бойынша бакалаврларды дайындауды іске асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары өздерінің ведомствалық бағыныштылығына, ұйымдық-құқықтық нысандарына, оқыту түрлеріне қарамастан қолдануға және сақтауға ұсынылады.

**2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартты пайдалану үшін төмендегі нормативтік құжаттар қажет: 2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

ҚР МЖМБС 5.04.019–2008 Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер;

ҚР МЖМБС 5.05.001-2005 Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру оқу пәндерін кодтау жүйесі.

**3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар**

Осы стандартта Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңына, ҚР МЖМБС 5.04.019-2008 сәйкес терминдер мен анықтамалар, қысқартулар қолданылады.

Оған қосымша ретінде ұсынылып отырған стандартта төмендегідей терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

**3.1 Академиялық сағат:** Дәріс, практикалық (семинар) сабақтардың 1 контактілік сағатына (50 минут) немесе студиялық сабақтың 1,5 контактілік сағат (75 минут), немесе дәрісханалық сабақтар мен дене тәрбиесі

сабақтарының 2 контактілік сағат (100 минут), сондай-ақ педагогикалық практиканың барлық түрлеріне, өндірістік практикалардың 5 контактілік сағатына (250 минут) тең. Оқудың сызықтық жүйесінде барлық аудиториялық сабақтардағы академиялық сағат 40 минуттан ұзаққа созылмауы тиіс.

**3.2 Білім беруді ұйымдастырудың академиялық еркіндігі:** Таңдау пәндері бойынша білім мазмұнын өз бетінше анықтауға мүмкіндік беретін білім беруші ұйымның құқығы мен міндеттерінің үйлесімді жиынтығы. Білім алудың қосымша түрлері бойынша шығармашылық дамудағы білім алушыға барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында педагогиканың прогрессивті әдіс-тәсілдерін тиімді ұйымдастыру қызметі.

**3.3 Бакалавриат:** Жоғары білім берудің 4 жылдан кем емес нормативті кезең аралығында академиялық бакалавр дәрежесін тағайындайтын кәсіби оқу бағдарламасы.

**3.4 Жеке оқу жоспары:** Типтік оқу бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде студенттің өз бетімен оқу жылына толтыратын құжаты. Онда студенттің өзі жазылған оқу пәндерінің мазмұны мен кредит саны немесе академиялық сағаты көрсетіледі; жеке оқу жоспары студенттің білім алу траекториясын анықтайды.

**3.5 Элективті пәндер каталогы:** Жоғары оқу орнының өз бетінше анықтаған және студенттер оқып-үйрену үшін таңдауы бойынша іріктелген оқу пәндері, олардың көлемі, аралық бақылау (курстық жұмыстар (жобалар) және т.б.) түрлері жиынтығынан тұратын құжат.

**3.6 Кредит:** кредит (Credit, Credit-hour): Білім алушының/оқытушының оқу жұмысының өлшемін білдіретін теңдестірілген бірлік. Бір кредит академиялық кезең (семестр) бойы білім алушының апта ішіндегі аудиториялық жұмысының 1 академиялық сағатына тең. Бакалавриаттағы дәріс, практикалық (семинар) және студиялық сабақтардың әрбір академиялық сағаты міндетті түрде 2 сағаттық (100 минут) студенттің өзіндік жұмысымен (СӨЖ) бірге жүргізіледі.

**3.7 Кредиттік оқу технологиясы:** Жеке бағыт-бағдар таңдауды, білім алу траекториясын айқындауды, өз бетінше білім алу деңгейін көтеруді және білімді шығармашылық меңгеруді көздейтін, меңгерілген білім материалдарының көлемінің есебін кредит түрінде айқындайтын білім технологиясы.

**3.8 Таңдау компоненті:** Кез-келген академиялық кезеңде жоғары оқу орны ұсынған пәндер ішінен студенттер өз бетінше таңдап, оқып-үйренетін оқу пәндерінің кредит немесе академиялық сағат көлеміндегі ең аз мөлшері көрсетілген пәндер тізбесі.

**3.9 Басты құзыреттілік:** Оқу үрдісі барысында алынған білім, біліктілік пен дағдыларын күнделікті өмірде пайдалана алу қабілеттілігі.

**3.10 Пререквизиттер:** Оқып үйренетін пәнді меңгеруге қажетті білім, біліктілік, дағдылар мен құзыреттіліктерді құрайтын пәндер жиынтығы, ол

студенттің курстан курсқа көшірілуін қамтамасыз ететін көмекші құрал болып табылады.

**3.11 Постреквизиттер:** Кейінгі пәндерді меңгеру үшін қажетті білім, біліктілік, дағдылар мен құзыреттіліктерді құрайтын пәндер.

**3.12 Жұмыс оқу жоспары:** Жоғары оқу орнының типтік оқу жоспары мен білім алушының жеке оқу жоспары негізінде жасалынып, оқу үрдісі кезеңіндегі нақты кәсіби қызмет жағдайы ескеріліп, бекітілетін құжат. Оның құрамына білім алушының меңгеруіне қажетті ЖБП, БП және КП циклдарына топтастырылған оқу пәндерінің міндетті компоненті, сондай-ақ таңдау компоненті бойынша толық тізбесі олардың кредит немесе академиялық сағаты көрсетілген жағдайда беріледі. Жұмыс оқу жоспарының құрылымын жоғары оқу орны өз бетінше айқындайды.

**3.13 Силлабус:** Оқып үйренетін пәннің мақсаты мен міндеті, әрбір тақырыптың өткізілу уақытын көрсететін тақырыптық жоспары, оның қысқаша мазмұны, өзіндік жұмыс тапсырмалары, кеңес беру уақыты, ағымдық бақылау кестесі, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, оқытушының талабы мен бағалау саясаты көрсетілген пәннің сипаттамасы.

**3.14 Типтік оқу жоспары:** Мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрастырылған, міндетті компоненттері ЖБП, БП және КП циклі түрінде біріктірілген, оқу пәндерінің тізбесі студент меңгеруге қажетті ең төменгі кредит саны, бақылау түрлері, сондай-ақ қосымша оқу мен қорытынды аттестация түрлері көрсетілген негізгі оқу құжаты.

**3.15 Міндетті компонент:** Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен студенттің оқу бағдарламасы міндеттеген ең төменгі кредит көлеміне сай келетін оқу пәндерінің тізбесі.

**3.16 Тіркеу бөлімі (офис):** Білім алушының барлық оқу нәтижелерін, олардың академиялық рейтингін есептеумен айналысатын, білімді бақылаудың көптеген түрлерін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қызмет орны.

**3.17 Тьютор:** Студенттің нақты пәндерді меңгеруінде академиялық кеңесші рөлін атқаратын және оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы.

**3.18 Типтік оқу бағдарламасы:** Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрастырылып, жұмыс оқу жоспарындағы міндетті компонент пәнінің мазмұнын, көлемін және оқып үйрену ретін анықтайтын оқу құжаты. Ол негізгі білім, біліктілік, дағды мен құзыреттілік шеңберін, ұсынылатын әдебиеттерді анықтайды. Қазақстан Республикасының білім беру аясындағы өкілетті органмен бекітіледі.

Бұл стандартта төмендегідей қысқартулар пайдаланылады:

ЖБП – жалпы білім беру пәндері;

БП – базалық пәндер;

КП – кәсіптендіру пәндері;

СӨЖ – студенттердің өзіндік жұмысы;

СОӨЖ – студенттердің оқытушының басқаруымен атқарылатын өзіндік жұмысы.

#### **4 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының тізбесі**

5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы шеңберіндегі қосымша мамандандыру бойынша білім беру бағдарламасының тізімін жоғары оқу орнының ғылыми Кеңесі өз шешімінің негізінде анықтап белгілейді. Қосымша білім беру пәндері, БП және КП циклдерінің таңдау компоненттеріне бөлінген кредит (сағат) аясында негізгі білімдік бағдарламалар бойынша дайындықты тереңдетіп оқытуға арналған пәндермен бірлікте қатар жүргізіледі. Бұл жағдайда, ЖОО оқыған кезеңдегі қосымша білімдік бағдарламалар негізіндегі студент меңгерген пәндер мен практикалар жиынтығы мамандандыру бойынша кәсіптік даярлығы деңгейі мен мазмұнының минимумына қойылатын талапқа сәйкес жүзеге асырылады. Мұндай арнаулы және шептес оқу пәндерінің интеграциясы, шағын жинақты мектеп жағдайындағы оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Әрі 12-жылдық бағдарлы оқытуға көшу барысында кең салалы педагогтар дайындау, яғни қосымша білімдік бағдарламалар арқылы пән мамандарының қосымша мамандандыруларының мәселесін де шешеді.

#### **5 Біліктілік пен лауазымдар тізбесі**

Бакалавриатты бітірушіге «5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

Түлектердің біліктілігі және қызметтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12 ақпан 2008 жылғы №61 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен соларға теңелетін қызметтердің Типтік біліктілік анықтамасына» сәйкес анықталады.

Олар жалпы білім беретін мектептерде, лицей, колледж, гимназияларда қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде кіші ғылыми қызметкер қызметтерін атқара алады.

#### **6 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының біліктілік сипаттамасы**

##### **6.1 Кәсіби қызмет саласы**

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті бакалавры кәсіптік іс-әрекеттің келесі түрлерін атқара алады:



- білім беру;
- тәрбие беру;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-зерттеу.

#### 6.2 Кәсіби іс-әрекет нысандары

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті бакалаврының кәсіби іс-әрекетінің нысандары: жалпы білім беретін, орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу және жобалау-сынақтау мекемелері, басқару саласы, мектептен тыс білім беру-тәрбиелеу мекемелері болып табылады.

#### 6.3 Кәсіби қызметінің пәні

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті бакалаврының кәсіби іс-әрекетінің пәні: жаңа көрнекі құралдар мен әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқыту мен тәрбиелеу; жаңа зерттеу әдістері, құрал-жабдық, материалдар және т.б.; басқаруда – қазіргі заманғы кеңсе жабдығы, әртүрлі деңгейде қарым-қатынас жасау, әртүрлі міндет аясы және т.б.; сынып бөлмесі мен аудиториялар, құрал-жабдық пен көрнекі құралдар, оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар, әртүрлі қосымша материалдар және т.б.

#### 6.4 Кәсіби қызметінің түрлері

5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған бакалавр мынадай кәсіби іс-әрекет түрлерін орындай алады:

- білім беру (педагогикалық): әртүрлі білім беру мекемелерінде (мектеп, гимназия, лицей, колледж және т.б.) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектепте факультативтік сабақ ұйымдастырушы ретінде;
- ғылыми-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер);
- әдеби-шығармашылық (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында);
- ұйымдастыру-басқару (орта мектептерде, гимназиялар мен лицей, колледждерде мамандығына тікелей қатысы бар мекемелерде);
- әдеби кеңесші.

#### 6.5 Кәсіби қызметтің функциялары

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті бакалаврының кәсіптік іс-әрекет функциялары:

- тәрбиелеу;
- оқыту;
- тәлімгерлік;
- ғылыми;
- әдеби;
- мәдени шаралар ұйымдастыру.

#### 6.6 Кәсіби қызметінің типтік міндеттері

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні шебінде, кәсіби қызметінің типтік міндеттері келесідегідей базалық және негізгі (түйінді) құзыреттіліктерді қалыптастыруы тиіс:

Білімнің базалық құзыреттіліктері:

- адамға, қоғамға, қоршаған орта, ойлау мәдениетіне қарым-қатынасты реттейтін гуманитарлық мәдениет, этикалық және құқықтық нормаларын игерту құзыреттілігі;

- студенттің жеке білім бағдарламасын таңдауы құзыреттілігі;

- жоғары білімнің келесі баспалдағында білімді жалғастыру құзыреттілігі.

- бағдарлы-құндылық құзыреттілігі;

- оқу-танымдық құзыреттілігі;

- ақпараттық-технологиялық құзыреттілігі;

- жеке тұлғаның өздігінен даму құзыреттілігі.

Білімнің негізгі құзыреттіліктері:

- жеке менеджмент және проблемаларды шешу құзыреттілігі;

- ақпараттық құзыреттілігі;

- коммуникативтік құзыреттілігі.

Типтік тапсырмалар кәсіптік іс-әрекет түрлерімен анықталады. Әрбір тапсырма өз кезегінде таңдаған бағыттардан туындап және маманға қойылатын талаптарға сай болады:

Білім беру – оқушыларға сапалы білім беру және тәрбиелеу;

Ғылым – ғылыми зерттеулерді өте жоғары әдіснамалық негізде орындау;

Басқару – әкімшілік міндеттерді сауатты шешу.

#### 6.7 Кәсіби қызметінің бағыттары

Бітірушінің кәсіби іс-әрекетінің бағыты жалпы білім беретін, базалық және кәсіптік пәндері бойынша алған, педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару, жобалау жұмыстарын атқаруға мүмкіндік беретін білімнің жиынтығымен анықталады.

#### 6.8 Кәсіби іс-әрекеттің мазмұны

5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті саласында кәсіби қызмет мазмұнынан толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы тиіс.

6.9 5B011700 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бакалаврдың түйінді құзырлылығына қойылатын талаптар:

Білім беру деңгейі бойынша бітіруші түлектің түйінді құзырлылығы.

### **5-10 сынып мұғалімінің**

*білуі тиіс:*

- психология және педагогика, кәсіби білім аясындағы жаңа жетістіктерді;

- оқытатын пәнінің теориялық негізі, оның құрылымы мен мазмұны, бағдаралды жүйесіндегі орны: педагогикалық үрдіске қатысушылардың әрбірінің (мұғалім, оқушы, ата-ана) орны мен рөлін;

- бастауыш сыныптардағы бірізділіктің (бірыңғай талап) ерекшеліктерін есепке алуды;

- 5-10 сынып оқушыларының психологиялық мүмкіндігі мен қажеттілігі, олардың типтік және жеке бас ерекшеліктерін;

- мейірімділік, шыншылдық, адалдық, парыз, төзімділік, оқушының жеке бас құндылықтарын құрметтеу, балаларға және өзінің мамандығына деген сүйіспеншілікке негізделген жалпы адамзаттық және этномәдени құндылықтар мен өлшемдерді;

- педагогикалық этиканың өлшемдерін

- оқушының коммуникативтік дамуы мен танымдық мәдениетіне қалыптасуына негізделген әдіс-тәсілдерді білуі тиіс.

*білігі болуы қажет:*

- өзінің жеке білім беру, ойлау мен үйрету стилін түйсіну және оны жетілдіру; үздіксіз білім беру қабілеттілігі мен қажеттілігін қалыптастыру;

- ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды педагогикалық қызметінде жоғары маманданған қолданушы (аннотация, хат дайындау, интернет ақпараттарын компьютерлік өңдеу, жинақтау және сақтау әдістерін меңгеру, электрондық поштаны пайдалану) деңгейінде пайдалану;

- «e-learning» электрондық оқыту жүйесінде оқу-педагогикалық қызметін жүзеге асыру.

- күнделікті өмірде және кәсіби қызметінде денсаулықты сақтау технологияларын пайдалану;

- өзінің пәні аясындағы инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану; оқу-тәрбие үрдісіне енгізілген инновациялардың нәтижесін бағалау; өзінің жеке педагогикалық технологияларын енгізу;

- алуан түрлі мәдени ортадағы адамдармен өзара қарым-қатынас жасау;

- оқушыларды жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеу, этномәдени құндылықтарға құрметпен қарау, қоршаған ортаға және оның өзгерістеріне ұқыпты қарау;

- мәдени құндылықтар мен тәжірибелерді меңгеру, оларды оқушылардың әлеуметтік қолдау сипатына айналдыра білуі тиіс.

*дағдысы болуы тиіс:*

- қиындықтан шыға білу және шығармашылық ойлау; түйсіну педагогикалық проблемаларды тұжырымдау және оны шешу;

- өзін жеке тұлғалық құндылықтар дәрежесіне көтеру;

- жалпы мәдени құндылықтарды, салт-дәстүрлер мен этикалық өлшемдерді жеткізе білу дағдылары болуы тиіс.

### **11-12 сынып мұғалімінің**

*білуі тиіс:*

- нақты ғылымдардың теориялық негізін: нысан, пән, оның ғылым жүйесіндегі орны, ғылыми білімдердің категориялық қатары, ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен логикасын;
- бағдарлы білім беру жағдайында оқытылатын пәннің теориялық негізін; нақты оқу пәнінің құрылымы мен мазмұнын, жалпыдан жекеге өту, абстрактіліктен нақтыға өту логикасы;
- 11-12 сыныптағы оқушылардың әлеуметтік-психологиялық жас ерекшеліктері, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлаудың әдіснамасы мен әдістемесін ;
- коммуникативті үрдісті жоспарлау мен ұйымдастырудың ерекшеліктерінің теориясы мен әдістемесі, оның ішінде шет тілдерін пайдалану жағдайында;  
*білігі болуы қажет:*
- тиімді коммуникация түзу (жеткізілетін ақпараттың мағынасын жоғалтпай беру);
- тұлғаралық қарым-қатынасты құру; қолданыстағы тілді тасымалдаушылармен емін-еркін пікір алмасу үшін шет тілінде диалог ұйымдастыру; көпшілік алдында сөз сөйлеу барысында тіл мәдениеті ережелерін сақтау;
- ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды (компьютерлік үйрету бағдарламаларын құру және кәсіби қызметінде оларды пайдалану, қашықтықтан оқыту технологиясының негізін, білімді компьютерлік тестілеу әдістерін меңгеру) педагогикалық қызметінде қолдану білу;
- «e-learning» электрондық оқыту жүйесінде оқу-педагогикалық қызметін жүзеге асыру.
- шығармашылық ойлау тәсілдері мен әдістерін дамыту және қолдану, педагогикалық қызметінде инновацияны қолдану және оны оңтайлы қабылдау;
- педагогикалық қызмет барысында туындайтын карама-қайшылықтарды түйсіну, тұжырымдай және шеше білу;
- рефлексияны жүзеге асыру, өзінің педагогикалық қызмет нәтижелері мен үрдістерін талдай, бағалай және түзете білуі;
- оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра және өткізе білуі, ғылыми аппаратты жасай білуі, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін өңдей және бағалай білуі; жүйелей және қорытындылай білуі тиіс.  
*дағдысы болуы тиіс:*
- психологиялық, педагогикалық, пәндік және әдістемелік білімдерді және нақты жағдайларда қолданбалы біліктілікті жүзеге асыру;
- өзін-өзі бақылау және түзетулер енгізу;
- өзі таңдаған пән саласында инновациялық әрекетті ұйымдастыру;
- бағдарлы білім беру жағдайында педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыру (мұғалім–оқушы, мұғалім–мұғалім, мұғалім – ата-ана);

- белгісіздік жағдайында кәсіби-педагогикалық және жеке тұлғалық проблемаларды шешу дағдылары болуы тиіс.

## **7 Білім берудің жалпыұлттық мақсаттары және пәндер циклы бойынша негізгі мақсаттардың иерархиясы**

Білім берудегі негізгі жалпыұлттық мақсатымыз – жалпы білімдік және арнаулы пәндер саласында жоғары білімді мамандар даярлау, әрі әлемдік білім кеңістігінде біздің оқушыларымыздың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Пәндер циклдері бойынша мақсаттар:

*ЖБП пәндер тобы бойынша:*

– бітіруші түлек қоғамдық-гуманитарлық пәндерден этикалық, құқықтық нормаларды, адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға қатынасын қалыпта ұстау бойынша білімдер жиынтығын меңгеруге, ойлау мәдениетін және өз еңбегін ұйымдастыру, өз білімдерін тұрақты ғылыми негізде жетілдіріп отыруы;

– денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, дене еңбегіне қабілетінің мүмкіндігін дамыту мен оны жоғарғы деңгейге көтеру бағытындағы білімі мен біліктілігі жүйесін жетілдіруге;

– әлемдегі, ТМД және Қазақстандағы экологиялық жағдайларды бағамдауды, информатика, саяси-әлеуметтік және экономикалық пәндер бойынша алған білімдерін күнделікті өмір мен жұмыс барысында қолдана білуі;

– «Бакалавриат» бағдарламасы көлемінде – орыс және шет тілдерінің бірін меңгеруге міндетті, ал шет тілді білуі және сапалы оқуы өз кезегінде оларға келесі кепілдіктер береді: жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларының жан-жақтылы жұмылдырылушылық әзірлігін қамтамасыз етеді; білім кеңістігіне тең құқылы қатысушы ретінде, Қазақстан Республикасының жоғары білімі туралы құжаттарының мінсіз танылуын қамтамасыз етеді.

*Базалық пәндер тобы бойынша:*

– толыққанды және сапалы кәсіби білім алу, олардың теориялық, практикалық және кәсіптік құзырлар, дағды және білік блогын білу.

*Кәсіптендіру пәндері* арқылы мақсатқа жету мен міндеттерді шешуге қажетті мәліметтерді, ақпараттар мен негізгі ережелерді қолдана білу, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемесі, нормативтік қазақ тілі, тілдік қатынас негіздері, қазақ тілінің стилистикасы, балалар әдебиеті, салыстырмалы грамматика, сөздікпен жұмыс.

*БП және КП циклдарының таңдау компоненті бойынша мақсаттары:*

- өзінің кәсіби іс-әрекетінде қолданатын қосымша білімдік бағдарламалар (мамандандырулар) пәндерінің ғылыми негіздері мен оқыту технологияларын меңгеруі;

- білім алушының жеке білім алу бағдарламасын таңдау мүмкіндігі болуы;

- таңдау компоненті пәндері өз кезегінде қазақ тілі мен әдебиеті негізгі оқу курстары бойынша алған білімдерін қосымша білімдік бағдарламалар (мамандандырулар) негізінде оқытылатын шептес бағыттағы пәндермен салааралық бірлікте кеңейту арқылы тереңдетуге көмектеседі. Әрі аталмыш білімдік бағдарламалар иегерлеріне мамандыққа қоса, қосымша мамандандырулар бойынша өз білімдерін жоғары кәсіби білімнің келесі сатысында (магистратурада) ары қарай жалғастыруларына мүмкіндік береді.

## **8 Бітірушілердің білімділік деңгейіне қойылатын талаптар**

### **8.1 Жалпы білімділікке қойылатын талаптар**

5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бакалавр:

– адамзаттың іс-әрекетінің алуан түрлілігі туралы, рухани құндылықтар мен олардың маңызы жайлы, дүниеге деген ғылыми, философиялық және теологиялық көзқарасы бойынша түсінігі болуы;

– қоғам дамуы жайлы: мәдениет пен өркениеттің алуан түрлілігі, әлеуметтік тәжірибе түрлері, дүниежүзілік тарихи және мәдени кеңістіктегі Қазақстанның орны туралы білімді игеруі;

– еңбекті ұйымдастырудың ғылыми негіздерін, ақпараттарды жинау және өңдеу; педагогикалық, психологиялық және әдістемелік нормалар мен оқыту және тәрбие берудің тәсілдерін, жоғары және орта мектеп бағдарламаларының барлық мәселелері бойынша қазіргі ғылыми және оқу материалдарын білуі;

– мәдениеттің мәнін, оның адамзат іс-әрекетіндегі маңызын білуі, адамзаттың мәдени мұрасы мен мәдени құндылықтар туралы түсінігі болуы;

– өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу, кәсіптік қызмет саласында қажет ақпаратты жинау, сақтау мен сұрыптаудың компьютерлік әдістерін меңгеру;

– өзінің кәсіптік қызметінің түрі мен сипатының өзгеруіне, пән аралық жобалармен жұмыс істеуге әдістік және психологиялық жағынан дайын болу.

– педагогикалық тәжірибесінде жүйелі түрдегі ақпараттарды қолдануды, болып жатқан әлеуметтік-тарихи оқиғаларды талдау және қорытындылауды; өзінің кәсіби іс-әрекетінің сипаты мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар өзгерістерінде, оған жылдам көндігу және бейімделуді; қазіргі ақпараттық және білімдік технологияларды қолданып өз бетінше жаңа білім қорларын алу; пәнге деген қызығушылығын тудыру және білімді меңгерудің жоғары деңгейін қалыптастыру арқылы тілдік құбылыстар мен заңдылықтарды жазбаша және ауызша түрде сауатты, әрі дұрыс мағынада жеткізуді; білімдік үрдісте пәнаралық байланыстар жүйесін қолдануды білуі тиіс;

### **8.2 Әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар**

Бітіруші түлектердің білімділік деңгейі өз кезегінде келесі құзыреттіліктерді қалыптастырудың талаптарын көрсетуі тиіс:

Арнайы құзыреттілік – пәндік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік жүйелер мен әлеуметтік-гуманитарлық білім, тәжірибе және дағдыларды меңгеруге қабілеттілігі, жоғары сынып оқушыларының кәсіби оқуын жүзеге асыруға қабілеттілігі;

Коммуникациялық құзыреттілік – басқа адамдармен қажетті байланыс орнатуға және онымен араласуға қабілеттілігі әрі түсінікті болуы, өз қалауымен араласу және т.б.

Ақпараттық құзыреттілік – ақпараттық технологияларды меңгеруге, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істеуге, қажетті ақпараттарды өз бетінше іздей, сұрыптай және талдай білуге, әрі оларды жаңартуды, сақтауды және беруді ұйымдастыруға қабілеттілігі;

Әлеуметтік құзыреттілік - әлеуметтік өзара қатынаста өмір сүруде және қалыптасуда, өзгеруге және бейімделуге; басқалармен келісімге жетуде ұтымды және жауапты пікірталасқа; кәсіби қауымдастықта қарым-қатынас орнатуды қолдауға, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижесіне әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге қабілеттілігі;

Кәсіптік-бағдарлық құзыреттілік – кәсіптік бағдар беру жұмыстарын, оқыту бағдарына байланысты білім мазмұнын іріктеп, екшелеуге және білімділік үрдісін жобалау мен ұйымдастыруға, бағдар алдындағы бағдарлық сыныптарда оқыту технологиялар мен инновациялық әдістер өзгерістері мен бейімдеуге, бағдарлы сынып оқушыларымен зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға, бағдар алды және бағдарлы сынып оқушыларымен ең соңғы әдістемелер негізінде дербес және өз бетінше білім алу жұмыстарын ұйымдастыруға қабілеттілігі.

Білім алушының оқудағы жетістігіне бақылау және олардың білімін циклдар бойынша немесе жекеленген пәндер бойынша бағалау «тіркеу бөлімі (офисі)» арнайы қызметі арқылы оқу үрдісінің аралық кезеңінде (әрбір академиялық уақыты мен оқу жылының аяқталуына орай) жүзеге асырылады және ол оқудың қорытындылау нәтижесіне бағытталуы тиіс.

Түлектердің білімін, тәжірибесін, дағдысын және құзыреттілігін бақылау оларға қорытынды аттестация жүргізу барысында жүзеге асырылады.

8.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Қазіргі білім синтезі ретіндегі – қазақ тілі мен әдебиеті және оның құрамдас бөлігі болып табылатын – тіл салалары, тарихы, әдебиеттің даму кезеңдері, тарихы және ұйымдастыру-басқарушылық ойлауды туындату арқылы кеңістіктік, экологиялық, жүйелілік және проблемалық құрылғыларға жауап бере отырып өз кезегінде қазақ тілі мен әдебиеті және басқару жайлы білім жүйелерін дамытуда маңызды қызмет атқарады.

8.4 Кәсіптік құзыреттілігіне қойылатын талаптар

5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіруші түлек:

– қазақ тілі мен әдебиетінің қазіргі жағдайы, оның басқа білім салаларымен өзара байланысы, оның даму болашағы мен оқытудың әдістемелік негіздері туралы түсінігі, өзінің келешек кәсібінің әлеуметтік маңызын және мәнін түсінуі тиіс;

– аталмыш мамандық пәндеріне сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті саласының негізгі түсініктерін, заңдылықтары мен әдістерін және кәсіби іс-әрекетінде туындайтын міндеттерді шешуде ғылымның қазіргі жетік, жаңашыл әдістерін қолдануды, педагогиканың, психологияның және әдістемесінің теориялық және қолданбалық аспектілерін меңгеруі қажет;

– қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістері мен тәсілдерін, сынақ қою және жоспарлауды, нәтижелерін талқылау және талдауды, сабақты өткізу және жоспарлауды, инновациялық әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды, аударма мәселесін, теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуді меңгеруі тиіс.

8.5 Әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауыс-күйісіне, өтпелілік және белгісіздіктің үдей түсуі жағдайында географиялық және әлеуметтік жұмылдыруларға даяр болуға қойылатын талаптар

Әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың, әрі аймақтың іс-әрекеті саласында болуы мүмкін өзгерістерге психологиялық жағынан даяр болуы керек.

Кәсіптің жаһандануы, интернационализациялануы және аймақтануы аясында бітіруші түлек алуан түрлі физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси-географиялық және мәдени аспектілердің түйінді проблемаларын қазіргі әлемнің серпінді дамуындағы кәсіби мәселелерімен ұштастыра отырып, шешуді меңгеруі тиіс. Осы заманғы даму кезеңіндегі білімдік және экономикалық кеңістіктегі ғаламдық және аймақтық деңгейлердегі қазіргі интеграциялық процестердің мәні мен маңызын түсінуі қажет. Осы орайда жаһандану мен интеграциялану процестерін түсінумен бірге, өзінің ойын замана талабына сәйкес тұжырымдай білуі де керек.

Қоршаған нақтылы ортаның өзгерісі жағдайында білім, тәжірибе және дағдылар жүйелерінің бейімделуін, білімнің ұлттық үлгісінің жүзеге асырылу жолдарын және мәнін міндетті түрде білу қажет. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті бакалавры кәсіби іс-әрекетінде қоғамдық маңызды рөлінің өзгерісіне даяр болуы керек, мәселен терминология бойынша сарапшы т.б.

8.6 Оқу пәндерінің негізгі циклдері бойынша білімділікке қойылатын талаптар

ЖБП циклі бойынша бітіруші түлек: – біздің мемлекетіміздің тарихын, философия, құқық негіздері заңдарын, әртүрлі қоғамдық формациялардағы әлеуметтік, саяси және экономикалық даму мәселелерін жетік түрде білуі тиіс.



БП циклы бойынша бітіруші түлек: – психологиялық-педагогикалық пәндер жүйесін, психология пәнінің міндеттері, салалары, әдістері мен әдіснамалық ұстанымдарын қазіргі заманғы мектептегі білім мазмұнын, кәсіби білім берудің өзара байланысын, оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістерінің сипаттамасын білуі;

– «Бакалавриат» бағдарламасы көлемінде қазақ тілі мен әдебиетін, тіл білімі салаларын, тіл, әдебиет даму тарихын, әдебиет кезеңдерін, негізгі заңдары мен олардың іс жүзінде қолданылуын игеруі;

– мемлекеттік стандарттың бакалавриат деңгейіндегі жоғары педагогикалық білім көлемінде міндетті компонент пәндері бойынша: қазіргі қазақ тілі фонетикасы, қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы, қазіргі қазақ тілі сөзжасамы, қазіргі қазақ тілі морфологиясы, қазіргі қазақ тілі синтаксисі, тіл біліміне кіріспе, жалпы тіл білімі, әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, халық ауыз әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиеті, хандық дәуір әдебиеті, ХХ ғасыр әдебиеті, хх ғасыр басындағы әдебиет; қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ диалектологиясы, когнитивтік лингвистика т.б. практика жүзінде қолдана білуді игеруі керек.

Базалық пәндер циклі бойынша:

- қазіргі мектеп білімінің мазмұнынан білім беруді ұйымдастыра білуі керек;

-педагогиканың теориялық-әдістемелік, дидактикалық, этнопедагогикалық негіздерін білуі керек;

- жалпы тіл біліміндегі теориялық, әдістанымдық негіздерді білу, осы заманғы ғылыми тұжырымдармен таныс болуы керек;

- әдебиеттану ғылымының, қазақ әдебиеті даму дәуірлерінің теориялық, практикалық мәселелерін жете игеруі керек.

Кәсіптендіру пәндер циклі бойынша:

- қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың озық әдістемелік тәсілдерін, бағыттарын білуі керек;

- әдеби тілдің тарихи негіздерін, даму кезеңдерін, жазба әдеби тілдің стильдерін білуі тиіс.

Қазақ тілі бойынша: қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы, сөзжасамы, морфологиясы, синтаксисі, тілдің шығу, даму заңдылықтары, жазу, әлем тілдері және олардың классификациясы, қазақ тілі диалектілері, тіл білім тарихы, ондағы дәуірлер мен ағымдар, тілді зерттеу әдістері, шет елдер тіл біліміндегі концепциялар, қазақ тілін оқыту әдістемесі т.б. жайлы жүйелі білімді қалыптастырудың дағдыларын меңгеруі тиіс.

Қазақ әдебиеті бойынша: балалар әдебиетінің ерекшелігі, көркем әдебиет ерекшелігі, әдеби жанрлар, фольклордың тарихы мен теориясы, түркі халықтарына ортақ әдебиет, хандық дәуір әдебиеті, ақын-жыраулар шығармашылығы, ағартушылық бағыттағы әдебиет, хх ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, қазіргі қазақ әдебиеті т.б. туралы ұғынулары қажет.

БП және КП циклдерінің таңдау бойынша компонентінің пәндері басты екі қазақ тілі мен әдебиеті бағытының негізгі оқу курстарынан алған білімдерін ары қарай тереңдетумен қатар, тіл тарихын меңгерту мақсатында білім негіздерін береді.

**9 5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұны**

9.1 Білім беру мазмұнының пәндер бойынша жинақталған түрі

1- кесте

Пән циклінің қысқартылған атауы	Пәндердің және оның негізгі бөлімдерінің атаулары	Кредит (сағат) көлемі
<b>ЖБП 1</b>	<b>Жалпы білім беру пәндері</b>	<b>32 (1440)</b>
<b>МК 1.1</b>	<b>Міндетті компонент</b>	<b>32 (1440)</b>
1.1.01	<p><b>Қазақстан тарихы</b>                      “Қазақстан тарихына” кіріспе. Қазақстан ежелгі дәуірде.                      Қазақстанның ежелгі тарихы. Палеолит (ежелгі тас ғасыры), мезолит (орта тас ғасыры), Неолит (жаңа тас ғасыры). Қола дәуірі. Ерте мемлекеттік құрылымдар. Сақтар. Үйсіндер мен қаңлылар. Ғұндар.                      Қазақстан ортағасырларда. Ерте орта ғасыр мемлекеттері (VI – X ғғ.). Түрік қағанаты. Түргештер. Қарлұқтар. Оғыздар. Қимақтар. VI – X ғғ. Қазақстанның экономикалық, мәдени өмірі.                      Дамыған ортағасырлардағы мемлекеттер (XI ғ – XIII ғ. басы). Қарахандар. Қарақытайлар. Найман-дар мен керейлер. Қыпшақтар. XI ғ. – XIII ғ. басындағы Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуы. Қазақстан монғол басқыншылығы кезеңінде. Алтын Орда. XIV – XV ғғ.                      ортағасырлық мемлекеттер. Көк Орда және Ақ Орда мемлекеттері. Моғолстан. Көшпелі өзбектер мемлекеті. Ноғай ордасы. Сібір хандығы.                      Қазақ халқының қалыптасуы. “Қазақ” этнонимі. Қазақ жүздері. XV ғ.–XV III ғ. басындағы Қазақ хандығы. XIV – XVIII ғ. басындағы қазақтардың мәдениеті. Жаңа замандағы Қазақстан (XVIII – XX ғ. басы). Қазақстан</p>	3

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>XVIII ғ. бірінші ширегінде. Жаңа заман жағдайындағы Қазақстан мен Ресей.</p> <p>Қазақстанда отарлау дәуірінің басталуы. XIX ғ–XX ғ басындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық және саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғ. басы).</p> <p>Қазақстан жаңа кезеңде. 1917 ж. Қазан төңкерісі және оның алғышарттары. Азамат соғысы – халық қасіреті (1918-1920 жж.) Қазақ Кеңес мемлекетінің құрылуы. Қазақстандағы “соғыс коммунизмі” саясаты (1918 – 1921 ж., наурыз). Өлкедегі Кеңес мемлекетінің құрылуы. ЖЭС – тың әлеуметтік – экономикалық нәтижелері. Ауыл ша-руашылығы ұжымдастыру – Қазақстан шаруаларының қасіреті. Индустрияландыру: сипаты, қарқыны, көлемі. Соғыс қарсаңындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуы. Қоғамдық – саяси жағдай. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. (1941 – 1949 жж.) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946 – 53 жж.) Хрущев реформалары тұсындағы Қазақстан (1953 – 64 жж.). 1960 жылдардың 2 жартысы мен 1980 жылдың бірінші жартысындағы Қазақстан. “Қазақстандағы қайта құру” саясаты (1985 – 1992).</p> <p>Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан тәуелсіздік жолында. Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы. Тәуелсіз мемлекеттер достығының (ТМД). құрылуы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы. Экономикалық дамуы. Қоғамдық – саяси даму. Рухани даму. ҚР сыртқы саясаты.</p>	
1.1.02	<p><b>Философия</b></p> <p>Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени-тарихи контекстегі философия. Мәдениет контекстіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі Үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия Ортағасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті аясындағы араб-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін феномені.</p>	3

1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>Қайта Өрлеу және Реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа Заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ. ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ және XXI ғ алдындағы мәдениет аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы. Диалектика теориясының мәселелері. Эпистемология. Ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.</p>	
<p>1.1.03</p>	<p><b>Шетел тілі</b></p> <p>A1 минималды-жеткілікті деңгей – (жалпыеуропалық құзырлық шкаласы бойынша A1 деңгейіне сәйкесуі): <i>Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша нысандар ауқымында:</i> мәліметтерді жеткізу, әңгімелесушіге ақпарат беру даярлығы, қызығу, сұрау; <i>Диалог ауқымында:</i> дайындалған сөйлеу негізінде пікірлерімен алмасу; <i>монологты сөйлеуде:</i> жай фразалармен тұрғылықты жерін, күн тәртібін және т.б. суреттеу, өзі туралы, өзінің әрекеттері мен қызығушылықтары туралы қысқа ақпарат жасау; <i>Жазбаша қарым-қатынаста:</i> жай фразалармен туған-туысқандарын, қоршаған адамдарды, олардың жұмыстарын, үйлерін (пәтерін) және т.б. суреттеу; <i>Тыңдап түсіну ауқымында:</i> мақсаттарды, күнделікті қолданылынатын сөздерді, оқытушының жай қысқа нұсқауларын түсіну; <i>оқу кезінде:</i> оқытылатын тіл еліндегі адамдардың күнделікті өмірлерін реттейтін прагматикалық мәтіндерді оқу;</p> <p>A2 (жеткілікті деңгей) <i>Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша нысандарының ауқымында:</i> жарнамалық аудио мәтіндерінің жалпы мазмұнын, радио, TV, әуежайда, вокзалда берілетін хабарламалардың мазмұнын ұғыну (жалпы сипаттағы сұрақтарға жауаптар, көптеген таңдаудағы тест тапсырмаларын орындау); <i>Диалог ауқымында:</i> әлеуметтік-тұрмыстық, социо-мәдени және оқу-кәсіптік салаларда ақпаратпен алмасу</p>	<p>6</p>

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>үшін диалогта жай фразалар мен сөйлемдерді қолдану дағдысы; <i>монологты сөйлеуде:</i> сюжеттік көріністі толығымен суреттеу, оқылған мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып беру (10-15 фразамен); <i>жазбаша қарым-қатынас ауқымында:</i> жай қысқаша жазбахат жазу, ағымдағы оқиғаларды, оқыған мәтініне жоспар, өзінің баяндамасына қысқа тезистер жасау; <i>Тыңдап түсіну ауқымында:</i> социомәдениеттік білімге, оқылған лексикалық және грамматикалық материалдарға сүйене отырып, тікелей қарым-қатынаста басқа тұлғаның сөйлеген сөзінің жалпы мазмұнын түсіну.</p> <p><b>В1</b> Базалық жеткіліктік деңгейі – <i>қарым-қатынастың ауызша және жазбаша нысандар ауқымында:</i> тыңдаушыға ақпарат беру даярлығы мен қабілеттілігі; ұсыну; баға беру пікірлер арқылы сипаттама беру; <i>Диалог ауқымында:</i> қызығушылық білдіру; ескерту жасалған жағдайда, өзін-өзі түзету; <i>монологты сөйлеуде:</i> негізгі тақырыптар шеңберінде оқиғаларды бірқатар дәйекті бекіту нысанында суреттеу даярлығы; кітаптың мазмұнын айтып беру және ол туралы өзінің әсерімен бөлісу;</p> <p><i>Жазбаша қарым-қатынас ауқымында:</i> байланысты жай мәтіндер; күнделікті сипаттағы нақты ақпараты және қажетті іс-әрекеттеріне түсініктеме берілген мазмұны бар қысқа баяндамалар жазу даярлығы; <i>Тыңдап түсіну ауқымында:</i> кәсіптік өміріне қатысты жай ақпараттарды, радио мен телеарналардан берілетін ақпараттарды (сұхбат, қысқа лекциялар, репортаждар) түсіну;</p> <p><b>В2</b> – Базалық жеткіліктік. <i>Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша нысандар ауқымында:</i> оқытылатын салалар шеңберінде ақпаратты есту және оқу кезінде түсіну даярлығы мен қабілеті; даулы тезис, болжау ұсыну; түсіндіру және хабардар екендігін білдіру; <i>Диалогта:</i> серіктесін әрекет жасауға шақыру және оны көтермелеу даярлығы; жәрдем беру және контрсұрақтарға жауап беру; бірігіп ойлауға тарту. <i>Монологты сөйлеуде:</i> өзінің пікірін дәйектеу; түрлі көзқарастарды салыстыру, қорытынды шығару; <i>Жазбаша қарым-қатынаста:</i> жағдайдың жағымды және жағымсыз жақтарын көрсете отырып, бір топ мәселелер бойынша жеткілікті толық суреттеме беру; маңызды</p>	

1-кестенің жалғасы

1	2	3
	кезеңдерді көрсетіп және жақтаушылар мен қарсылар дәлелдемелерін келтіріп, нақты ақпарат жасау.	
1.1.04	<p><b>Орыс тілі</b></p> <p>Халықаралық стандарттарға негізделген орыс тілді меңгерудің В1 – В2 – кәсіби бағдарлы деңгейі; С1 – С2 – мамандық тілі деңгейі басшылыққа алынады.</p> <p>Орыс тілінің жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту, грамматикалық формалар мен құрылымдарды қолданыс деңгейі дәрежесінде меңгерту. Мамандық бойынша лексикалық және терминологиялық минимумдарды меңгерту. Сөйлеу қызметінің әртүрлі типтерін (әңгімелеу, мазмұндау, ақпарат беру) құру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды функционалды аспектіде қолдану.</p> <p>Әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өңделген қиын емес прагматикалық мәтіндерді, ауызша және жазбаша түрдегі монолог пен диалогтарды, әртүрлі сөйлеу қызметі түрлерін (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) тақырып бойынша өңдеу.</p> <p>Кәсіби оқу тілін дамыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мамандық бойынша оқу мен тыңдау дағдыларын қалыптастыру, әдебиеттен конспектілей білу.</li> <li>• Диалогтар мен монологтар, оқулықтар мен лекциялар мәтіндеріне сәйкес кәсіби-оқу тақырыптары бойынша әртүрлі ғылыми-оқу мәтіндерін құру.</li> <li>• Сөйлеудің негізгі құрылымдық-мағыналық түрлерін: монолог-сипаттау, монолог-мазмұндау, монолог-талқылау, диалог-әңгіме, диалог-сұхбат түрлерін жеделдетіп (интенсивті) оқыту.</li> </ul> <p>Ғылыми-кәсіби тілдің белсенді, жалпылама, кең көлемді болуын, яғни жан-жақтылығын дамыту.</p>	6
1.1.05	<p><b>Информатика</b></p> <p>Информатиканың негізгі түсініктері. Қазіргі заманғы информатиканың құрылымы. Ақпарат, оның түрлері және қасиеттері. Дискретті математика негіздері. Логика негіздері, логикалық байланыстар, шынайылық кестелері. ЭЕМ архитектурасына шолу және оның тарихы. Компьютердің логикалық элементтері. Компьютер жадында деректерді енгізілуі. Машина құрылысы. Компьютер жадының құрылысы. Еске сақтау құрылысының иерархиясы. Есептердің алгоритмдік</p>	3

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	шешімі. Блок-сызбалар алгоритмдердің сызбалық көрінісі ретінде. Негізгі есептеу алгоритмдері. Бағдарлама жасаудың негізгі конструкциялары. Операциялық жүйелер мен тораптардың негіздері. Графикалық редакторлар. Интернет тарихы. Интернет қызметі.	3
1.1.06	<p><b>Экология және тұрақты даму</b></p> <p>Экологияның ғылым ретіндегі анықтамасы. Экологияның мақсаты, міндеттері және әдістері. «Тұрақты даму» түсінігінің анықтамасы және Тұрақты даму концепциясын жүзеге асырудағы экологияның ролі. Экология бөлімдері: аутэкология, демэкология, синэкология, ғаламдық экология. Организм және оның тіршілік ортасы. Экологиялық факторлар және оларды жіктеу. Минимум және толеранттылық заңдары. Популяция туралы ұғым және оның сипаттамасы. Биогеоценоз және экожүйе туралы түсінік. Экожүйедегі энергия ағыны және химиялық элементтер айналымы, қоректік тізбектер мен трофикалық деңгейлер, экожүйелердің өнімділігі. Экожүйелердің тұрақтылық тетіктері. Биосфера және оның тұрақтылығы. В.И. Вернадскийдің биосфера және ноосфера туралы ілімі. Экологиялық жүйедегі адамның орны. В.И. Вернадскийдің негізгі биогеохимиялық заңдары. Өндірістің дамуы және қоршаған ортаға жүктеменің артуы. Тұрақты даму концепциясы. Тұрақты даму факторлары, оның стратегиясы, ұстанымдары және деңгейлері. Тұрақты дамуды қамтамасыз етуде халықаралық ынтымақтастық. Табиғат ресурстары және оларды тиімді пайдалану тұрақты дамудың маңызды бөлігі ретінде. Биосферада тұрақсыздықтың пайда болуының антропогендік факторлары. Қазіргі кездегі әлеуметтік-экологиялық проблемалар және тұрақты даму. Табиғатты қорғау және тұрақты даму. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуындағы маңызды экологиялық проблемалар.</p>	2
1.1.07	<p><b>Әлеуметтану</b></p> <p>Әлеуметтану ғылым ретінде (пәні, құрылымы және қызметі). Әлеуметтанудың қалыптасу және даму тарихы (әлеуметтік-философиялық алғышарттар). Классикалық және қазіргі заманғы әлеуметтік теориялар. Қоғам,</p>	2

1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>әлеуметтік институттар, өзара әрекеттесу. Әлеуметтік топтар және қауымдастықтар. Әлеуметтік өзара қарым-қатынастардағы жеке тұлға (тұлғаның әлеуметтенуі). Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік мобильдік. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация. Мәдениет әлеуметтік өзгерістердің факторы ретінде. Әлеуметтік өмірдің ғаламдық проблемалары және жалпы адамзаттық құндылықтар.</p> <p>Орта деңгей теориялары (тұлғаның, білім берудің, жастардың әлеуметтенуі, экономикалық әлеуметтану). Әлеуметтік жанжалдар және оларды шешудің логикасы. Әлеуметтік зерттеу әдіснамасы мен әдістері. Әлеуметтік зерттеу бағдарламаларын жасау. Әлеуметтік ақпарат жинау әдістері. Эмпирикалық әлеуметтік деректерді талдау және өңдеу.</p>	
1.1.08	<p><b>Саясаттану</b></p> <p>Саясаттану ғылым ретінде. Саясаттанудың пәні мен нысаны. Саясат ғылымының қалыптасу және даму кезеңдері. Қазақстандағы саяси ой тарихы. Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат. Билік саяси феномен ретінде: түсінік, концепциялар, құрылымы. Саясат субъектілері. Қоғамның саяси жүйесі. Саяси режимдер: түсінік, түрлері. Демократия және оның формалары. Мемлекет саяси жүйенің негізгі институты ретінде. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы және азаматтық қоғам орнату. Саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстар. Саяси сана және саяси мәдениет. Саяси даму және саяси модернизация саяси үрдіс және саяси іс-әрекет. әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. ҚР сыртқы саясаты, оның көп векторлы сипаты.</p>	2
1.1.09	<p><b>Экономикалық теория негіздері</b></p> <p>Жаңа экономика және эволюциялық экономикалық теория. Экономикалық теорияның пәні мен әдістері. Еңбек элементтері және өндіріс факторлары. Ресурстардың шектеулілігі. Меншік, шаруашылықты жүргізудің қоғамдық формалары, экономикалық жүйелер. Тауар, ақша. Тауар-ақша қатынастарының эволюциясы. Экономикалық қатынастар жүйесі ретінде нарықтың пайда болуы. Бұрынғы социалистік елдерде нарықтың даму ерекшеліктері. Меншіктеу. Нарықтың экономикалық заңдары. Ақшаны күрделі қаржыға</p>	2



## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	айналдыру. Күрделі қаржының мәні, қызметі және құрылымы. Пайда және жалақы. Ауыл шаруашылық қатынастарының ерекшеліктері. Жер рентасы. Ұлттық экономика, оның құрылымы мен көрсеткіштері. Макроэкономикалық тепе-теңдік және ресурсты сақтаушы экономикалық өсу. Қазақстанның экономикалық дамуының басты бағыттары. Экономикалық дамудың циклдық сипаты. Экономикалық дағдарыстар. Ғаламдану жағдайындағы экономикалық дағдарыстардың ерекшелігі. Инфляция және жұмыссыздық. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі. Ғаламдық экономикалық жүйе. Қазақстан дүниежүзілік шаруашылық байланыстары жүйесінде.	
1.1.10	<b>Құқық негіздері</b> Мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер. Қазақстан Республикасы конституциялық құқық негіздері. Конституциялық құқық – Қазақстан Республикасы құқықтарының негізгі саласы. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары мен сот. ҚР мемлекеттік басқару. ҚР әкімшілік құқық негіздері. ҚР азаматтық және отбасы құқығы негіздері. Кәсіпкерлік құқық негіздері. ҚР қаржы құқық негіздері. Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. ҚР экологиялық және жер құқық негіздері. ҚР қылмыс құқығы. ҚР процессуалдық құқығы.	2
1.1.11	<b>Тіршілік қауіпсіздігі негіздері</b> Тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттің орны. Тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық және теориялық негіздері. Төтенше жағдайлар, олардың табиғи және техногендік сипаты. Халықты қорғау және құтқару қызметі. Өнеркәсіп объектілерінің тұрақты жұмыс істеуі. Зақымдану ошағындағы құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар.	1
<b>ТК 1.2</b>	<b>Таңдау компоненті</b>	-
<b>БП 2</b>	<b>Базалық пәндер</b>	<b>64</b>
<b>МК 2.1</b>	<b>Міндетті компонент</b>	<b>45</b>
2.1.01	<b>Педагогика</b> Болашақ ұстаз тұлғасының мәні және оның қазіргі	4

1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>қоғамдағы рөлі. Педагогикалық үрдіс мұғалімнің іс-әрекет нысаны ретінде. Мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетінің жалпы сипаттамасы. Қарым-қатынас жасау мұғалімнің кәсіби-шығармашылық қызметінің құрамдас бөлігі ретінде. Педагогика тарихының теориялық-әдіснамалық негіздері. Я.А.Коменскийдің педагогикалық концепциясы. Шет елдердегі білім беру жүйесі мен педагогика. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық жүйесі. Кеңес дәуірінде білім беру жүйесі мен педагогика ғылымының қалыптасуы. Қазақстандағы тәрбие, мектеп және педагогикалық ой. Ы.Алтынсариннің, Ш.Уәлихановтың және Абай Құнанбаевтың педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметтері. Қазақстанның қуғын-сүргінге ұшыраған педагогтарының идеялары мен қызметі. Қазақстан Республикасында білім берудің қазіргі даму бағыттары.</p>	
2.1.02	<p><b>Психология</b>                      Психологияның пәні, міндеттері, салалары және әдістері. Психологияның әдіснамалық ұстанымдары. Психика және сана. Тұлға және іс-әрекет. Қазіргі заманғы тұлға теориялары. Әлеуметтік-психологиялық феномендер. Қарым-қатынас. Қарым-қатынастың түрлері, жақтары және қызметі. Топ және ұжым. Кіші топтарды зерттеу әдістері. Танымдық психикалық үрдістер. Тұлғаның эмоциялық-еріктік жақтары. Тұлғаның жеке типологиялық қасиеттері. Онтогенез барысында психика дамуының жас заңдылықтары. Тұлғаның мектепке дейінгі, бастауыш, мектеп, жасөспірім, жастық кезеңде психикалық дамуы. Оқыту мен тәрбиелеудің баланың психикалық дамуындағы жетекші ролі. Білім беру мен даму психологиясының өзекті проблемалары.</p>	2
2.1.03	<p><b>Өзін-өзі тану</b>                      Өзін-өзі танудың мәні. Өзін-өзі тану тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының шарты ретінде. Адамның ішкі дүниесінің бірегейі. Позитивтік ойлау және ішкі үйлесім. Адамның ішкі ресурстары. Кәсіби өсу және өзіндік даму тұлғаның жетістігінің негізі ретінде. Қарым-қатынас адамдар арасындағы өзара түсіністікке жетудің құралы ретінде. Адам өмірінде отбасы және туыстық қатынастың рөлі. Адам өміріндегі достықтың мәні.</p>	2

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>Дін рухани мәдениеттің бөлігі ретінде. Адамның діни сеніміне құрмет оның таңдауына құрмет ретінде. Тарих және мәдени мұраға деген құнды қатынас. Азаматтық, қазақстандық елжандылық, этносаралық келісім туралы ұғым. Қазіргі жастардың адамгершілік идеалдары. өзіндік ой-пікірлер, көзқарастар мен әрекеттер үшін жауапкершілік сезімі.</p> <p>Адамның, қоғам мен табиғаттың өзара тәуелділігі және әлемнің тұтастығы. Тұлғаның әлемдегі өзіндік орнын түсінуі.</p> <p>Педагогтың кәсіби өзін-өзі тануы және өзіндік дамуы.</p> <p>Педагогтың идеалды бейнесі – кәсіби өзін-өзі тану мен өзіндік дамуының бағдары, педагогикалық іс-әрекеті жетістігінің шарты ретінде.</p> <p>Рефлексия – педагогтың өзін-өзі тануының тетігі ретінде. Педагогтың өзін-өзі жетілдіруінің кезеңдері. Педагогтың «Мен-тұжырымдамасы». Кәсіби қарым-қатынас, тәлімгерлік, портфолио – педагогтың кәсіби өзін-өзі тануының және дамуының құралдары ретінде. Педагогтың кәсіби жетістіктерді жинақтау әдістемесі. Педагогтың гуманистік позициясы – оқушылардың өзіндік дамуы және өзін-өзі тануын педагогикалық қолдауды жүзеге асырудың негізі ретінде.</p> <p>Өзіндік үдерістерді педагогикалық қолдау: өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі басқару, өзін-өзі өзектендіру және т.б.</p>	
2.1.04	<p><b>Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы</b></p> <p>Балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары. Жүйке жүйесінің анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы мен жас ерекшеліктері. Жоғары жүйке әрекеті, оның бала организмі дамуының барысында қалыптасуы. Сенсорлық жүйелердің анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы. Ішкі секрециялық бездер анатомиясы мен физиологиясы. Балалар мен жасөспірімдердің жыныстық жетілуінің қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері және жыныстық тәрбиелеу. Ас қорыту ағзаларының жас ерекшеліктері. Зат пен энергия алмасуы. Тағам гигиенасы. Тірек-қимыл жүйесінің жас ерекшеліктері мен гигиенасы. Оқыту-</p>	1

1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>тәрбиелеу жағдайының оқушылар денсаулығына әсері. Мектептің ғимараты мен оқу бөлмелеріне, ауа ортасына, жарықтандырылуына және құрал-жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар. Балалар арасында кеңінен тараған дерттердің (анемия, йоджетіспеушілігі, қант диабеті, семіздік, көру кемшіліктері) алдын алу. Алты жастағы балаларды оқытып-тәрбиелеудің және күн тәртібінің гигиеналық негіздері. Балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері</p>	
2.1.05	<p><b>Қазіргі қазақ тілі фонетикасы</b> Фонетиканың мақсаты мен міндеті. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. Тіл дыбыстарының жасалу жолдары. Тіл дыбыстарының түрлері, үндесу заңдылықтары, буын, екпін, орфография мен орфоэпия, олардың арақатынасы, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу ұстанымдары.</p>	2
2.1.06	<p><b>Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы</b> Сөздердің лексикалық жүйеде алатын орны, шығу төркіні, қолданылу қабілеті. Сөздік құрам мен сөздік қор. Ұғым және сөз. Сөз мағынасының түрлері. Сөз мағынасының дамуы. Семасиология. Сөз мағынасының негізгі типтері. Фразеология. Лексикография. Этимология. Қазақ тіл білімінде сөз мағынасының зерттелу жайы.</p>	2
2.1.07	<p><b>Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы</b> Қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің мақсаты мен міндеті. Сөзжасам жүйесінің негізгі ұғымдары. Сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық үлгі. Сөзжасамдық ұяның құрылымы, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық ұяның мағынасы. Туынды сөздің анықтамасы, туынды сөздің ерекше белгілері. Зат есім сөзжасамы. Сын есім сөзжасамы. Сан есім сөзжасамы. Үстеу сөзжасамы. Етістік сөзжасамы. Сөзжасамның теориялық мәселелері. Сөзжасамдық талдау. Сөзжасамдық ұя. Сөзжасамдық мағына. Туынды сөздер. Есім сөздердің сөзжасамы. Етістіктің сөзжасамы.</p>	2
2.1.08	<p><b>Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы</b> Грамматика және оның салалары. Морфология – грамматикалық категориялар мен сөздің грамматикалық</p>	2

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>тұлғаларын зерттейтін тіл білімінің саласы. Грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл, грамматикалық форма, грамматикалық құрылым. Грамматикалық мағына берудің тәсілдері.Сөз таптары.</p> <p>Зат есім және оның грамматикалық категориялары. Зат есімнің сөйлемдегі қызметі. Сын есім. Қатыстық және сапалық сын есім. Сын есімнің шырайлары. Сан есім, түрлері, қызметі. Есімдік.Етістік және оның грамматикалық категориялары. Етіс түрлері.Есімше.Көсемше. Етістіктің сөйлемдегі қызметі.Үстеу.Еліктеуіш сөздер.Шылау. Одағай.</p>	
2.1.09	<p><b>Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі</b> Сөз тіркесі синтаксисі. Есімді тіркес. Жай сөйлем синтаксисі. Сөйлем мүшелері. Жай сөйлемнің күрделену жолдары. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. Жай сөйлемдегі құрылымдық типтері. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Күрделі синтаксистік тұлға.</p>	3
2.1.10	<p><b>Тіл біліміне кіріспе</b> Тіл білімі және оның өзге ғылым салаларымен байланысы. Тілдің шығуы, даму заңдылықтары. Тілдің шығуы туралы теориялар. Фонетика. Лексикология. Грамматика. Лексикография. Жазу, оның түрлері, даму кезеңдері. Әлем тілдері және олардың классификациясы.</p>	2
2.1.11	<p><b>Жалпы тіл білімі</b> Тіл білімінің тарихы. Ондағы дәуірлер мен ағымдар. Тіл білімінің қазіргі бағыт-бағдары. Тілді зерттеу әдістері.Тіл білімінің мектептері. Салыстырмалы – тарихи әдіс. Шетел тіл біліміндегі концепциялар.</p>	2
2.1.12	<p><b>Әдебиеттануға кіріспе</b> Көркем әдебиеттің ерекшеліктері, халықтығы. Көркем шығарма.Тақырып идея бірлігі. Композиция мен сюжет. Шығарманың тілі.Әдеби процесс.Көркемдік әдіс.Әдеби бағыт, ағымдар.</p>	2
2.1.13	<p><b>Әдебиет теориясы</b> Көркем әдебиеттің табиғаты. Типтілік мәселесі. Әдеби жанрлар. Көркемдік әдіс және стиль. Көркем әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесі. Батыс Европа эстетикасы (XVII-XVIII ғасырлар). XVIII ғасырдағы ағартушылық дәуір эстетикасы. Әдеби-эстетикалық көзқарасы. Әдебиеттегі модернистік бағыт-ағымдар.</p>	2

1-кестенің жалғасы

1	2	3
2.1.14	<p><b>Қазақ халық ауыз әдебиеті</b>                      Фольклордың тарихы мен теориясы, тегі мен жанры. Қазақ фольклорының қалыптасу, даму кезеңдері. Тұрмыс- салт жырлары. Мақалдар мен мәтелдер. Жұмбақтар. Ертегілер. Эпостық жырлар. Айтыс. Фольклор мен әдебиет. Қазақ фольклорының зерттелу тарихы</p>	2
2.1.15	<p><b>Ежелгі дәуір әдебиеті</b>                      Түркі халықтарына ортақ әдебиет. Ежелгі жазба ескерткіштер. Көне түркі әдебиеті. X-XII ғасырлардағы әдебиет. (Махмуд Қашғари «Диуани лұғат-ат түрк», «Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік», Ахмед Йүгінеки «Хибатул Хақайық», Қожа Ахмет Иассауи «Диуани хикмат») Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. (XIII-XV ғасырлардағы әдебиет үлгілері: Насреддин Рабғузи «Рабғузи қиссалары»).</p>	2
2.1.16	<p><b>Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет</b>                      Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің даму бағыттары және көркемдік-идеялық ерекшеліктері. XV-XVI ғасырлардағы қазақ әдебиеті. XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ерекшеліктері.</p>	2
2.1.17	<p><b>XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті</b>                      Дәстүрлі ақындық поэзия. Өнер тұтастығы мазмұнындағы ақындар поэзиясы. Ақын- жыраулар шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы. Ағартушылық, демократтық мазмұндағы реалистік жаңа жазб әдебиет. Ыбырай Алтынсарин. Шоқан Уәлиханов. Абай Құнанбайұлы.</p>	2
2.1.18	<p><b>XX ғасыр басындағы әдебиет</b>                      XX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. XX ғасыр басындағы рухани, мәдени даму сипаты: оқу-ағарту ісі, баспасөз ісі, кітап шығару ісі. Көркем әдебиеттің дамуы: діни-ағартушылық бағыт, ағартушылық-демократиялық бағыт. Діни-ағартушылық бағыттағы әдебиеттің өзіндік ерекшеліктер. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. Ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған шығармалар.</p>	2
2.1.19	<p><b>Қазіргі қазақ әдебиеті</b>                      Қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері(1917-1940 жылдар әдебиеті). Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әдебиет,</p>	3

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	1946-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті, 1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиет. Қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы. Қазақ әдебиетіндегі драматургия, сын, аударма.	
2.1.20	<p><b>Қазақ диалектологиясы</b></p> <p>Қазақ тілінің тарихы оның құрамына еніп отырған диалектілердің тарихымен тығыз байланысты. Қазақ тіліндегі диалектілердің пайда болуы, қалыптасуы, қазіргі қалпы қазақ тілінің жалпы даму процесі тұрғысынан қарастырылуы. Тіліміздегі кейбір диалектілер кезінде ру-тайпалық сипатта болып, қазіргі кезде жергілікті сипат алуы. Жергілікті ерекшеліктердің қалыптасуына ру-тайпа тілі ғана емес, қоғамдық жағдай, көрші халықтар тілінің де әсері. Осылардың барлығы біртұтас жүйе ретінде белгілі бір территория тұрғындарына тән болып қалыптасып, жергілікті диалект сипатына көшуі. Қазақ тіліндегі диалектілер құрамы. Әр диалектінің өзі бірнеше сөйленістен құралуы. Қазақ тіліндегі кейбір сөйленістердің ауыспалы сипаты.</p> <p>Диалектілер және халық тілі, ұлт тілі, әдеби тіл. Диалектілердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктері. Әдеби тілдің сөздік құрамын байытуда жергілікті диалектінің мәні. Шаруашылықтың кейбір салаларына байланысты әдеби тілге еніп, термин болған сөздер.</p>	2
2.1.21	<p><b>Когнитивтік лингвистика</b></p> <p>Когнитивтік лингвистика адамзат тілінің әртүрлі бағыттағы ерекшеліктерін қоғамдық, әлеуметтік тұрғыдан қамти отырып, тіл мен таным сабақтастығын және тілді, дүниені танудың құралы мен сол танымды сақтаушы ретінде қарастыруы.</p>	2
<b>ТК 2.2</b>	<b>Таңдау бойынша компонент</b>	<b>19</b>
<b>КП 3</b>	<b>Кәсіптендіру пәндері</b>	<b>32</b>
<b>МК 3.1</b>	<b>Міндетті компонент</b>	<b>18</b>
3.1.01	<p><b>Нормативті қазақ тілі</b></p> <p>Фонетика. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. Екпін. Дауыс ырғағы. Орфография. Орфоэпия. Сөйлеу мәдениеті. Пунктуация. Лексика. Сөздің көп мағыналылығы. Мақал, мәтел және афоризмдер. Сөзжасам. Морфология. Сөз құрамы. Сөз тұлғасы. Сөз</p>	2

1-кестенің жалғасы

1	2	3
	таптары. Синтаксис. Сөз тіркесі туралы түсінік. Сөйлем мүшелері.	
3.1.02	<p><b>Тілдік қатынас негіздері</b>  Тілдік қатынас мәселесінің зерттелу тарихы. Тілдік қатынастың анықтамасы, ерекшеліктері. Тілдік қатынас негіздері. Тілдік қатынас, оның ережесі мен ерекшеліктері, құрамы, тұлғалары, ғылыми негіздері. Сөйлесім әрекеті және оның түрлері. Қатысымдық тұлғалар. Тілдік қатынастың ғылыми негіздері. Тілдік қатынас және мемлекеттік тіл.</p>	2
3.1.03	<p><b>Қазақ тілін оқыту әдістемесі</b>  Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ұстанымдары. Қазақ тілін оқыту әдістерінің жүйесі. Қазақ тілін оқытудың формалары мен түрлері. Қазақ тілінің фонетикасын оқыту әдістемесі. Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясын оқыту әдістемесі. Сөзжасамды оқыту әдістемесі. Грамматиканы оқыту әдістемесі. Морфологияны оқыту әдістемесі. Синтаксисті оқыту әдістемесі. Мектепте қазақ тілін оқыту. Тіл дамыту әдістемесі. Сыныптан тыс жұмыстар әдістемесі .</p>	3
3.1.04	<p><b>Қазақ тілінің стилистикасы</b>  Стилистиканың негізгі бағыттары мен аспектілері. Стилистикалық мағына. Стилистикалық парадигматика мен синтагматика. Стилистиканың зерттеу әдістері. Стилистикалық норма. Жазба әдеби тілдің стильдері. Ауызекі сөйлеу стилі. Стильдерді жіктеу. Стилистикалық фигуралар. Қазақ тілінің стилистикалық құралдары. Фонетикалық стилистика. Лексика-фразеологиялық стилистика. Сөз таптарының стилистикасы. Синтаксистік стилистика. Қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері.</p>	2
3.1.05	<p><b>Балалар әдебиеті</b>  Балалар әдебиетінің ерекшеліктері. Жас ерекшелігіне қарай әдеби шығармалар тандау. Мәтінді оқу, талдау машығы.</p>	2
3.1.06	<p><b>Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі</b>  Мектептегі әдебиет пәнінің құрылымы мен мазмұны. Жалпы білім беретін мектептегі әдебиет курсының мазмұны мен құрылысы. Көркем шығарманы сабақта талдау жолдары. Әдебиетті оқыту әдістері. Әдебиет теориясынан берілетін тақырыптарды оқыту әдістері.</p>	3



## 1-кестенің соңы

1	2	3
	Әдебиет сабағын ұйымдастыру тәсілдері. Көркем шығарманы оқыту. Әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар. Әдебиет сабақтарында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері. Әдебиет сабағы.	
3.1.07	<b>Сөздікпен жұмыс</b> Лексикографияның негізгі бағыттары. Сөздіктің түрлері. Лингвистикалық және энциклопедиялық, түрлі типтегі сөздіктердің ерекшеліктері. Сөз мағыналарын ашу тәсілдері. Оның грамматикалық, функционалды-семантикалық, стилистикалық сипаттамасы. Лексикографиялық терминология. Салыстырмалы әдіс. Компонентті талдау әдісі. т.б.	2
3.1.08	<b>Салғастырмалы грамматика (қазақ - орыс тілдері)</b> Салғастырмалы тіл білімінің нысаны мен мақсаттары. Салғастырмалы зерттеудің әдіс-тәсілдері. Қазақ және орыс тілдерінің фонетикасы. Қазақ және орыс тілдерінің лексикасы. Қазақ және орыс тілдерінің морфологиясы. Қазақ және орыс тілдерінің синтаксисі.	2
<b>ТК 3.2</b>	<b>Таңдау бойынша компонент</b>	<b>14</b>
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>128</b>
<b>ОҚТ 4</b>	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>	
4.1 Прак- тикалар	Оқу практикасы (фольклорлық, диалектологиялық)	2
	Оқу практикасы (тіл – танымдық)	1
	Үзіліссіз педагогикалық практика	4
	Өндірістік (педагогикалық) практика	6
4.2	Дене шынықтыру	
4.3	Әскери дайындық	
	Таңдау бойынша компонент	
<b>5</b>	<b>Мемлекеттік аралық бақылау (МАБ)</b>	
<b>6</b>	<b>Қорытынды мемлекеттік аттестация (ҚМА):</b>	<b>8</b>
6.1	Мамандық б-ша дипломдық жұмыс жазу және қорғау	
6.2	Мемлекеттік емтихандар: - Қазақ тілі және оқыту әдістемесі; - Қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі.	
<i>ЕСКЕРТУ -</i> Жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыру барысындағы жоғары оқу орнының құзыры: - пәндердің оқытылуын кәсіби оқу бағдарламаларын игерудің логикасын бұзбай, бір семестрден екіншісіне ауыстыруға.		

9.2 Орта кәсіби білім базасындағы бакалавриат мамандықтарының оқу жоспарына ЖБП, БП, КП циклдарының пәндері енгізіледі. Мұндай жағдайда ЖБП циклы орта кәсіби білім мамандықтарының білім беру бағдарламалары аясында қарастырылған пәндердің мазмұны мен көлемін ескере отырып, құралады.

Жоғары білім базасындағы бакалавриат мамандықтарының оқу жоспарына тек БП және КП циклдарындағы пәндер енеді.

### **10 5B012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптар**

10.1 Оқу үрдісін ұйымдастыру, оқу жылының құрылымын анықтау жоғары оқу орнының өз ұйғарымы негізінде жүзеге асырылады.

ЖОО академиялық еркінділік шегінде оқу жылын академиялық кезеңдерге (семестр, триместр, тоқсан) бөледі және оқыту үрдісін ұйымдастыруда модульдік-блок жүйесін енгізеді. Оқу үрдісінің барлық оқу және бақылау іс-шаралары, практикалар, демалыстар ұзақтығы және мерекелік күндер білім беру ұйымының басшысы бекіткен академиялық күнтізбеде көрініс табады.

Оқу іс-шаралары теориялық оқудың барлық кезеңін қамтиды, оның ішінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, практикумдар, лабораториялық және курстық жұмыстар қоса ескеріледі.

Курстық жұмыстар (жоба) оқу жұмысының жеке түрі ретінде қарастырылып, ол: педагогикалық-психологиялық цикл (қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын оқыту пәндерін қоса); мамандық (қазақ тілі, қазақ әдебиеті) пәндерін; ал егер қосымша білімдік бағдарламалар болған жағдайда, онда шептес мамандандыру салаларының пәндерін қамтиды. Курстық жұмыстар аталмыш пәндерді оқытуға бөлінген кредит (әдетте, оның мөлшері 3 кредиттен кем болмауы шарт) шегінде орындалады.

Бақылау іс-шаралары ағымдағы бақылауды, аралық аттестацияны (сынақ-емтихан сессиялары), курс соңындағы мемлекеттік аралық бақылау (МAB) және оқу мерзімін тәмамдаушы қорытынды мемлекеттік аттестацияны (ҚМА) қамтуы тиіс.

10.2 Бакалавриаттағы оқу үрдісінің аяқталғандығының негізгі шарты болып студенттің теориялық оқудан 128 кредитті меңгеруі, практикадан 13 кредит мөлшерін өтуі саналады. Мұның ішінде міндетті компонент бойынша 95, ал таңдау компоненті бойынша 33 кредитті меңгеруі қажет.

10.3 Дипломдық жұмыстың жазылуы мен қорғалуына 4 кредит немесе 180 академиялық сағат бөлінеді.

10.4 Бір академиялық кезең барысында күндізгі бөлім студенті 12-18 кредит меңгеруі керек.

10.5 Сырттай оқу бөлімі студенті бір академиялық кезеңде 9-12 кредитті игеруі тиіс, ал мұндағы оқудың нормативтік кезеңі ЖОО ұйғарымымен 5 жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

Сырттай оқытын студенттің оқытушымен бірлесіп жұмыс істеу (оқу-емтихан сессиясы) мүмкіндігі оқу жылы ішінде 6 аптадан кем болмауы тиіс.

10.6 Оқу процесінің ақпараттық қамтамасыз етілуі (оқу, ғылыми, халықаралық білім көздерін қоса қамтыған ақпараттық электронды кітапханалардағы базаларға жол ашу).

Бакалавриаттың білім бағдарламасының жүзеге асуы әр студенттің кітапханалық қорларды, мәліметтер базасын еркін пайдалана алуын және әдістемелік құралдар мен нұсқаулардың барлық түрлерімен пәндер мен сабақ бойынша – практикум, курстық және дипломдық жобалау, практикалар, сондай-ақ көрнекі құралдар, аудио- және видеоматериалдармен қамтамасыз етіледі.

Практикалық (семинар) сабақтар: жалпы білім беру, базалық, кәсіптік циклдарының міндетті және таңдау компоненттерінің пәндері бойынша, сонымен қатар қосымша білімдік бағдарламалар (мамандандыру) пәндері бойынша жүргізіледі.

Кітапханалық қорда білім беру жүйесінің бекітілген біліктілік мамандығына сәйкестік талаптары бойынша қажетті барлық оқу-әдістемелік әдебиеттері болу керек.

10.7 Әдістемелік нұсқау-тапсырмалар студенттердің өзіндік жұмыс (СӨЖ) жасауын күшейтіп жандандыруы тиіс. Әрбір пән бойынша СӨЖ тақырыптарының түзілген әдістемесі болуы және ол материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі керек.

10.8 Оқыту үрдісін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің негізгі өлшемі оның технологиялық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталуы тиіс. Оқу материалдарын электрондық құралдарменен қамтамасыз етуді кеңейту кітапхана және интернет негізінде жүзеге асырылады.

10.9 Практикалар: олардың құрамы, негізгі өтілетін жерлері, ғылыми-зерттеу мекемелері, оқу ұйымдары т.б. табиғи және әлеуметтік-экономикалық нысандар негізінде қамтылады. Практика нәтижесін бағалау және таныстыру (презентация).

10.10 Академиялық және қосалқы қызметшілердің сандық және сапалық өлшемі.

Бакалаврды дайындаудың білімдік бағдарламалары ғылыми-педагогикалық кадрлар арқылы жүзеге асырылады, олардың базалық білімі оқытатын пәндерінің бағытына сәйкес болуы әрі үнемі ғылыми, ғылыми-әдістемелік жұмыстармен шұғылдануы тиіс. Академиялық қызметкерлер ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі, болмаса магистр академиялық дәрежесі болуы керек.

10.11 Талапкерлерге және «кіру» сынақ процедурасына, бағалау нормаларына (критерийлеріне) қойылатын талаптар.

Талапкерлердің алдыңғы алған білім деңгейі жалпы орта, бастапқы кәсіптік немесе орта кәсіптік білім болуы тиіс. Талапкердің осы оқу орындарын бітіргендігі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттары болуы міндетті. Кіру сынақ процедурасы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережесіне сәйкес анықталады.

## **11 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын құрастырушыларға, өңдеушілерге (өзгерту, түзетулер енгізу) қойылатын талаптар**

11.1 МЖМБС ендіруді ынталандырудың тәртібі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.09.99 ж. «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын әзірлеу, бекіту және қолдану мерзімін сақтау тәртібі» туралы № 1290 қаулысында қойылған талаптарға сәйкес енгізіледі.

11.2 МЖМБС әзірлеу тәртібі: Қазақстан Республикасы Орталық атқару органы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын әзірлеуді конкурстық негізде ұйымдастырады.

11.3 МЖМБС сараптау тәртібі

МЖМБС ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен 8 мамыр 2004 жылғы «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жобасына конкурс өткізу» туралы №400 бұйрығымен анықталады.

11.4 МЖМБС эксперименттік сынақтаудан өткізу тәртібі

Бекітілген МЖМБС барлық білім беру мекемелерінде бір мезгілде, олардың қандай мекемеге және меншік түріне бағыныштылығына қарамастан келесі оқу жылының басынан енгізіледі. Оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелері енгізілген жағдайда МЖМБС талаптарына сәйкес келетін білім беру мекемелерінде эксперименттік сынақтау жүргізіледі.

11.5 МЖМБС бекіту тәртібі

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту мен іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Орталық атқару органының конкурстық комиссиясы қорытындысы негізінде стандарттау, метрология және сертификаттау мемлекеттік органының келісімімен анықталады.

11.6 Жаппай білім беру үрдісіне енгізу тәртібі

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты меншік түріне қарамастан жоғары кәсіптік білім беретін білім беру деңгейі стандарт талабына сай барлық білім беру мекемелеріне міндетті.

11.7 МЖМБС өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

11.7.1 Қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы өзгертулер мен толықтырулар одан әрі жетілдіру мақсатында МЖМБС негізгі талаптарына сәйкестендіру үшін енгізіледі.

11.7.2 МЖМБС өзгертулер мен толықтыруларды жүзеге асырушылар:

- Білім беру мекемелері;

- Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы Орталық атқарушы органы;

- ТК 47.

11.7.3 Білім беру мекемелері мен ТК 47 тарапынан қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар ынтагерлік жағдайында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жолданылады.

11.7.4 Білім және ғылым министрлігі ынтагерлерден түскен ұсыныстар мен ескертулердің маңыздылығы мен мақсаттылығын анықтауды ТК 47 жүктейді.

11.7.5 Қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына ұсынылған өзгертулер мен толықтыруларға ТК 47 сараптама өткізіп, олардан қолдау тапқаннан кейін шешім шығару үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жолданады.

11.7.6 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен бекітіліп, қолданыстағы МЖМБС-қа қосымша ретінде жеке кітапша-жапсырма ретінде шығарылып пайдаланылады немесе стандарттың өзгерісімен жаңа басылым болып шығарылады.

**А Қосымшасы**  
(міндетті)

**ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫ**

**5В012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті**

**Оқу мерзімі: 4 жыл**

**Академиялық дәрежесі: 5В012100 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры**

Пәндер циклы	Код	Пән атауы	Кредит (сағат) саны	Семестр	Бақылау формасы
1	2	3	4	5	6
<b>ЖБП 1</b>	<b>Жалпы білім беру пәндері</b>		<b>32</b>		
<b>МК 1.1</b>	<b>Міндетті компонент</b>		<b>32</b>		
МК 1.1.01	КТ 1101	Қазақстан тарихы	3	1	Мем.емт.
МК 1.1.02	Fil 2102	Философия	3	3	емтихан
МК 1.1.03	Sht 1103	Шет тілі	6	1,2	емтихан
МК 1.1.04	OT 1104	Орыс тілі	6	1,2	емтихан
МК 1.1.05	Inf 2105	Информатика	3	3	емтихан
МК 1.1.06	ETD 1106	Экология және тұрақты даму	2	4	емтихан
МК 1.1.07	Ale 2107	Әлеуметтану	2	3	емтихан
МК 1.1.08	Saya 2108	Саясаттану	2	2	емтихан
МК 1.1.09	ETN 2109	Экономикалық теория негіздері	2	3	емтихан
ОК 1.1.10	KN 2110	Құқық негіздері	2	2	емтихан
ОК 1.1.11	TKN 1111	Тіршілік қауіпсіздігі негіздері	1	1	Емтихан
<b>ТК 1.2</b>	<b>Таңдау компоненті</b>		-		
<b>БП 2</b>	<b>Базалық пәндер</b>		<b>64</b>		
<b>МК 2.1</b>	<b>Міндетті компонент</b>		<b>45</b>		
МК 2.1.01	Ped 1201	Педагогика	4	4	емтихан
МК 2.1.02	Psi 2202	Психология	2	2	емтихан
МК 2.1.03	OOT 1203	Өзін-өзі тану	2	2	емтихан
МК 2.1.04	ZhFMG 1204	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	1	2	емтихан
МК 2.1.05	KKTF 1205	Қазіргі қазақ тілі фонетикасы	2	2	емтихан

1	2	3	4	5	6
МК 2.1.06	ККТЛ 2206	Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы	2	3	емтихан
МК 2.1.07	ККТС 2207	Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы	2	4	емтихан
МК 2.1.08	ККТМ 3208	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы	2	5	емтихан курс жұмысы
МК 2.1.09	ККТС 3209	Қазіргі қазақ тілі синтаксисі	3	6	емтихан
МК 2.1.10	ТБК 1210	Тіл біліміне кіріспе	2	1	емтихан
МК 2.1.11	ZhTB 4211	Жалпы тіл білімі	2	7	емтихан
МК 2.1.12	АК 1212	Әдебиеттануға кіріспе	2	1	емтихан
МК 2.1.13	АТ 4213	Әдебиет теориясы	2	7	емтихан
МК 2.1.14	КНАА 1214	Қазақ халық ауыз әдебиеті	2	1	емтихан
МК 2.1.15	ЕДА 1215	Ежелгі дәуір әдебиеті	2	2	емтихан
МК 2.1.16	КНДА 2216	Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеті	2	3	емтихан
МК 2.1.17	GAde 2217	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	2	4	емтихан
МК 2.1.18	GBAde 3218	XX ғасыр басындағы әдебиет	2	5	емтихан
МК 2.1.19	ККА 3219	Қазіргі қазақ әдебиеті	3	6	емтихан курс жұм.
МК 2.1.20	KD 1220	Қазақ диалектологиясы	2	2	емтихан
МК 2.1.21	KL 3221	Когнитивтік лингвистика	2	5	емтихан
<b>ТК 2.2</b>	<b>Таңдау компоненті</b>		<b>19</b>		Емтихан
<b>КП 3</b>	<b>Кәсіптендіру пәндері</b>		<b>32</b>		
<b>МК 3.1</b>	<b>Міндетті компонент</b>		<b>18</b>		
МК 3.1.01	NKT 1301	Нормативті қазақ тілі	2	1	емтихан
МК 3.1.02	TKN 2302	Тілдік қатынас негіздері	2	3	емтихан
МК 3.1.03	КТОА 3303	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	3	6	емтихан
МК 3.1.04	KTS 4304	Қазақ тілінің стилистикасы	2	5	емтихан
МК 3.1.05	BA 2305	Балалар әдебиеті	2	4	емтихан

1	2	3	4	5	6
МК 3.1.06	КАОА 3306	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	3	6	емтихан
МК 3.1.07	SZh 3307	Сөздікпен жұмыс	2	6	емтихан
МК 3.1.08	SG 4308	Салғастырмалы грамматика (қазақ-орыс тілдері)	2	7	емтихан
<b>ТК 3.2</b>	<b>Таңдау компоненті</b>		<b>14</b>		Емтихан
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>128</b>		
<b>ОҚТ 4</b>	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>				
4.1 Прак- тикалар	Оқу практикасы (фольклорлық, диалектологиялық)		2	<b>1, 2</b>	
	Оқу практикасы (тіл – танымдық)		1	<b>3</b>	
	Үзіліссіз педагогикалық практика		4	1-4	
	Өндірістік (педагогикалық) практика (10 апта)		6	<b>8</b>	
4.2	Дене шынықтыру				
	Таңдау бойынша компонент				
<b>5</b>	<b>Мемлекеттік аралық бақылау (МАБ)</b>				
<b>6</b>	<b>Қорытынды мемлекеттік аттестация (ҚМА):</b>		<b>8</b>	8	
6.1	Мамандық бойынша дипломдық жұмыс жазу және қорғау				
6.2	Мемлекеттік емтихан (дар): Қазақ тілі және оқыту әдістемесі; Қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі.				
	<b>Барлығы</b>		<b>149</b>		
<p><i>ЕСКЕРТУ -</i>                      Жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыру барысындағы жоғары оқу орнының құзыры:                      - пәндердің оқытылуын кәсіби оқу бағдарламаларын игерудің логикасын бұзбай, бір семестрден екіншісіне ауыстыруға.</p>					



---

УДК 811.512.122:378:006.354 (47-57)

МКС 03.180

T50

**Түйінді сөздер:** қазақ тілі, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, кредиттік оқу жүйесі; бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талап; оқушылардың оқу міндет көлемі; оқу мазмұнының міндетті минимумы; типтік оқу жоспары; қазіргі қазақ тілі фонетикасы; қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы; қазіргі қазақ тілінің морфологиясы; қазіргі қазақ тілінің синтаксисі; қазақ диалектологиясы, стиль түрлері, тіл білімі, жалпы тіл білімі, сөздік, салғастырмалы грамматика, халық ауыз әдебиеті; ежелгі дәуір әдебиеті; хандық дәуір әдебиеті; XIX ғасырдағы қазақ әдебиет; XX ғасыр басындағы әдебиет; қазіргі қазақ әдебиеті.

---